

Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2005.11.21. N 1673 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзім ішінде Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеп, бекітілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6 жылғы 31 желтоқсандағы

N 3 3 0 8 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа мемлекеттік органдар Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы мен өзге де жаппай танылған халықаралық құқық нормаларында бекітілген адам құқығы мен бас бостандығының басымдығын танып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңды басшылыққа ала отырып, шетелде тұратын отандастарымыздың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыру жөнінде, тарихи отанына қайтып оралғандарды әлеуметтік-экономикалық қолдауды қамтамасыз ету жөнінде белгілі бір ж ұ м ы с т а р а т қ а р у д а .

Қазір алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы қазақ ұлтының үштен бір бөлігін, немесе 4,3 млн. адамды құрайды. Олардың көпшілік бөлігі, кеңестік кезеңдегі революциялық және азамат соғыстары, зорлап ұжымдастыру,

ашаршылық, жаппай құғын-сүргін салдарынан өздерінің тарихи отандарынан кетуге мәжбүр болды. КСРО тарағаннан кейін жақын шетелдердегі (ТМД) қазақтар диаспораға айналды.

Аталған елдердегі диаспоралардың мәдени және әлеуметтік-экономикалық өркендеу деңгейі бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Қазақ диаспорасы проблемаларын кешенді зерттеу және шешу, ғылыми-зерттеулер мен практикалық шаралардың бірлігі және өзара байланысына әлі де жете мән берілмей отыр.

Шетелдегі отандастармен жұмысты жан-жақты жетілдіру, оны тек ұдайы және мақсатты мемлекеттік қолдау жағдайында ғана жүзеге асыру мүмкін болады. Қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім алу сұраныстарын барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, тарихи отанына қайта оралғылары келетіндерге мүмкіндік туғызатын ойластырылған шаралардың жүйесін жасау қажет.

Шетелде тұратын отандастармен жұмыс жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру тетігінде негізгі құжат болып табылатын Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасына нақ, осы мақсаттар негіз болып отыр.

Бағдарлама кешенді іс-шараларды қамтиды және негізгі алты бөлімнен тұрады: ғылыми қамтамасыз ету; нормативтік-құқықтық негіз; білім беру; мәдениет, туризм және спорт; кітап шығару және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері; ұйымдастыру шаралары.

Ғылыми қамтамасыз ету саласында шетелдегі отандастардың тыныс-тіршілігі мен ділінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, олардың құқықтық хал-ахуалына, демографиялық, көші-қон процестеріне зерттеулер жүргізу, қазақ диаспорасының жай-күйі туралы ғылыми-ақпараттық база қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті практикалық ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу және беру көзделген.

Шетелдегі отандастарды әлеуметтік, құқықтық қорғау және қолдау саласындағы басты мақсат олардың проблемаларына қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру болып табылады. Құқықтық мәселелерді реттеу және оларды бір жүйеге келтіру, қазақ диаспорасымен байланысты қалпына келтіру және жүзеге асыру шет мемлекеттердің конституциялары мен заңдарына, халықаралық құқық нормаларына негізделген.

Бұл міндеттерді шешу негіздері Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңда, "Көші-қон туралы" Заңда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы жасалған шарттар мен келісімдерде жасалған.

Шетелдегі отандастарды қолдау мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шығыстар 1997 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған бюджеттерде көзделген жалпы қаржыландыру шегінде жүзеге асырылады.

N р / с	Бағдарламалық шаралар	Құжат нысаны
1	2	3

Қазақ перспективалар Жақын шетелдерде	I. ҒЫЛЫМИ диаспорасы:	ҚАМТАМАСЫЗ проблемалар	ЕТУ мен
1	Қазақ диаспорасының тарихи даму және тұратын жерлеріндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі болып жатқан үрдістер тұрғысында этнодемографиялық және этномәдени	мемлекет органдарына ұсыныстар мен баяндамалар, ғылыми және зерттеулер	
2	Нарықтық қайта құрулар түбегейлі жаңару	тұрғысынан процестерінің құрылымын	"-" әлеуметтік талдау
3	Қазақ диаспораларының сана-сезімінің кейінгі әлеуметтік-сәйкестендіру	этнопсихологиялық аспектілері мен дамуын, кеңестік жаңа геосаяси әлеуметтік-адамгершілік ерекшеліктерін	"-" ұлттық кезеңнен кеңістіктегі өзін-өзі зерделеу
4	Қазақ диаспорасының, әсіресе жас ұрпақтарының тарихи отанында ілгерілеуі әлеуметтік-мәдени дамуын қалыптастыру	тұрған елдерінде да нарықтық жағдайындағы	"-" де, сондай-ақ реформалардың одан әрі
Алыс шетелдерде			

- 5 Қазақ диаспорасының тұрғылықты елдерінің мемлекет органдарына
даму серпіні тұрғысынан ұсыныстар мен
әлеуметтік-демографиялық талдау жасау баяндамалар, ғылыми
еңбектер
- 6 Қандай да бір елдің жалпы өркендеуі мемлекет органдарына
тұрғысында қазақ диаспорасының ұсыныстар мен
тыныс-тіршігінің одан әрі даму бағыттары баяндамалар, ғылыми
мен перспективаларын айқындау еңбектер
- 7 Қазақтардың қазіргі жағдайдағы -"-
әлеуметтік-адамгершілік көңіл-күйін,
олардың, әсіресе жас ұрпақтың Қазақстан
жағдайында әлеуметті мүмкіндіктерін
жүзеге асыру перспективаларын, тарихи
отанында капиталды, инвестицияларды
орналастыру мүмкіндіктерін, жастардың
қазіргі заманғы өндіріс технологиясын
және нарық экономиканы оқып-үйренуін
зерделеу
- 8 Қазақ диаспорасы проблемаларын зерделеу -"-
жөнінде уақытша шығармашылық ұжым құру

II. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

9. Шетелдерден Қазақстан Республикасына жарлық, қаулылар
көшкісі келетін және көшіп келген және басқа
адамдарға азаматтық алу, жұмысқа құқықтық актілер|
орналасу, тұрғын үймен қамтамасыз ету,
білім беру, бейімделу кезеңінде
материалдық көмек және белгілі бір
жеңілдіктер жасау, оларға жеке меншік
және басқа мәселелерде Қазақстан
Республикасы заңдарында көзделген
құқықтар беру мәселелері бойынша
жан-жақты көмек көрсетуге кепілдік
беретін тиісті құқық актілері мен
шешімдер қабылдау
- 10 Отандастардың тұрған елдерінде бейімдеуі
үшін жағдай жасау және Қазақстан
Республикасымен экономикалық және мәдени
байланыс жасап тұрулары мақсатында

отандастарға жәрдемдесу туралы Қазақстан
Республикасы Президенті Жарлығының
жобасын әзірлеу

- 11 Халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарға
сәйкес алыс және жақын шетелдерден
қазақтардың қоныс аударуы жөніндегі
практикалық мәселелерді жедел шешу

Осы мақсатта:

Ұлты қазақ адамдарды Монғолия келісім жобасы
азаматтығынан шығарудың оңайлатылған
тәртібі туралы Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің
арасындағы келісімнің жобасын әзірлеу
(1994 жылғы 31 қарашадағы Ерікті түрде
қоныс аудару және Қазақстан Республикасына
еңбек шарттары бойынша келген адамдардың
азаматтығы мәселелерін реттеу туралы
шартқа қосымша)

Монғолия азаматтары - ұлты қазақ келісім жобасы
адамдарының шекарадан транзитпен бөгетсіз
өтулері туралы ұшжақты (Қазақстан, Ресей,
Монғолия) келісімнің жобасын әзірлеу
(Қазақстан мен Монғолияның ортақ шекарасы
және Ресей мен Монғолия арасындағы
келісімдер бойынша жол жүрудің визалық
тәртібі болмағандықтан)

ТМД елдерімен екіжақты деңгейде де, Бұл да сол
сондай-ақ Достастықтың шеңберінде де
Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі
туралы келісімдердің жобалары жөніндегі
жұмысты жалғастыру

Иран мен Ауғанстанда қалған қазақ Президенттің "Көшіп
отбасыларын көшіріп әкелу жөніндегі келу квотасы туралы"
жұмысты одан әрі жалғастыру өкімі

- 12 Қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстан Президенттің "Көшіп
Республикасына келу мәселелерінің келу квотасы туралы"
ұйымдық-кадрлық шешілуі: өкімі
тарихи отанына көшіп келуге тілек

білдірген ұлты қазақ адамдарының санын
а н ы қ т а у

М ы н а л а р ә з і р л е н с і н :

"Қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстан нұсқаулық
Республикасына тұрақты тұруға көшіп келуі
туралы өтініштерін қарау тәртібі туралы"

нұсқаулық жобасы

"Қазақстан Республикасында шетел Қазақстан
азаматтарының қоныстануға арналған Республикасы Үкіметі
ықтиярхаты мен азаматтығы жоқ қаулысының жобасы
адамдардың куәліктері үлгілерін бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі

қаулысының жобасы

Қазақстан Республикасында шетел Үкімет шешімі
азаматтарының қоныстануға арналған
ықтиярхат бланкілері мен азаматтығы жоқ
адамдардың куәліктерін дайындау

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру -"
үшін келген қазақ диаспорасы адамдарын
уақтылы құжаттандыру үшін Қазақстан
Республикасы Ішкіісминінің Паспорт және
виза жұмыстары басқармасында азаматтық
бөлім және облыстардың ІІБ-нің
паспорт-виза бөлімшелерінде екі штат
бірлігінен тұратын азаматтық туралы топ

құру

шыққан елінен келіп орналасқан жеріне министрліктер мен
дейін қоныс аударушылардың отбасы өзге де орталық және
мүшелері мен олардың мүліктерін жергілікті атқарушы
тасымалдауға жәрдемдесу органдардың

тарихи отанына келген қазақтарды б ұ й р ы қ т а р ы ,
орналастыру және жайғастыру, оқыту және
қайта оқыту жөніндегі жұмысты

ұйымдастыруға жәрдемдесу

көшіп келген отандастардың әскери қызмет министрліктер мен
өткеру мәселелерін пысықтау өзге де орталық
және жергілікті
тарихи отанына келген қазақ диаспорасы атқарушы органдардың

отбасыларының еңбекке жарамсыз мүшелерін бұйрықтары,
әлеуметтік қорғау қаулылары, шешімдері

- 13 Қазақ диаспорасын қолдау жөніндегі -"
құқықтық актілер, халықаралық шарттар
мен келісімдер жобаларына құқықтық
сараптама жүргізу

І І І . Б І Л І М Б Е Р У

Оқу орындарына қабылдау

- 14 Жыл сайын жоғары оқу орындарына және "Алыс шетелдерден
олардың даярлық бөлімдеріне, сондай-ақ келген қазақ
аспирантураларға қабылдау жоспарын диаспорасы өкілдерін
қалыптастыру кезінде қазақ диаспорасы Қазақстан
үшін квота қарастыру Республикасының
жоғары оқу орындарына
жоспардан тыс
қабылдауға квота
белгілеу туралы"
үкімет қаулысы
- 15 Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан қазақ диаспорасы
Республикасының оқу орындарында оқыту өкілдерін Қазақстан
үшін іріктеу және жіберу тәртіптерін, Республикасының оқу
шарттарын бекіту орындарында оқуға
іріктеу және жіберу
тәртібі, шарттары
туралы ереже
- 16 Қазақ диаспорасының дарынды балаларын Қазақстан
әртүрлі үлгідегі интернаттарға (гимназия, Республикасы мен
лицей, колледж т.б.) іріктеу және оқыту: балаларын жіберетін
физика-техникалық; елдердің білім
тіл және әдебиет; министрліктерінің
эстетикалық және т.б. бейімде арасындағы келісімдер
- 17 Қазақ диаспорасының жетім балаларын Қазақстан
балалар үйлері мен мектеп-интернаттарға Республикасы мен
қабылдауды практикалау және оларды балаларын жіберетін
ұстауға, оқытуға және тәрбиелеуге елдердің білім

жағдай жасау

министрліктерінің

арасындағы келісімдер

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

- 18 Білім министрлігі құрылымынан қазақ Қазақстан
диаспорасы проблемалары жөнінде бөлім Республикасы Білім
құру министрлігінің шешімі
- 19 Қазақ диаспорасына білім беру саласында ұсыныстар,
жәрдемдесу мәселелері бойынша Ресей нұсқаулықтар
Федерациясының шекаралас облыстарымен
ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу
- 20 "Таяу шетелдердегі қазақ мектептері Білім
басшылары мен мұғалімдері үшін мектеп министрліктерінің
реформасы және ғылым негіздеріне арасындағы
үйретудің сапасын жақсарту жолдары" келісімдер
проблемалары бойынша көшпелі
оқу-әдістемелік семинарлар өткізу
- 21 Қазақ тілі мен әдебиеті, музыка, жағрапия -"
сабақтарында оқушылардың өзара адамгершілік
қарым-қатынастарын, шығармашылық қызметін
қалыптастыру жөнінде жұмыс тәжірибесін
алмасу. Осы мақсатта: қазақ диаспорасы
өкілдерін республиканың атаулы
мектептеріне сабаққа шақыру; атаулы мектеп
басшыларын шетелдерге жіберуді ұйымдастыру
- 22 Алыс және таяу шетелдердегі қазақ Бұл да сол
мектептері оқушыларының жетекші пәндер
бойынша Қазақстан Республикасы мектеп
оқушыларының қатысуы
Кадрлармен жұмыс
- 23 Таяу және алыс шетелдердегі қазақ тілі Білім
пәні мұғалімдерін мына мәселелер бойынша министрліктерінің
қайта даярлау және біліктілігін көтеру арасындағы
курстарын ұйымдастыру: келісімдер
көп салалы қазақ мектебінің қалыптасуы
және даму тенденциясы;
жалпы білім берудің базалық мазмұны;

- білім беруді саралаудың теориялық және әдістемелік негіздері
- 24 ТМД елдеріндегі мектеп жасына дейінгі қазақ мекемелері мен топтары педагогтарын қайта даярлау және біліктілігін көтеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру -"-
- 25 Алыс және таяу шетелдердегі қазақ мектептерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен, нормативтік-нұсқама материалдармен қамтамасыз етуге көмек көрсету -"-
- 26 ТМД елдерінде жұмыс істейтін мектеп жасына дейінгі қазақ мекемелері мен топтарын бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру (бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттер

тізбесі бойынша)

IV. МӘДЕНИЕТ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ

- 27 Жетекші шығармашылық ұжымдар мен өнер қайраткерлері шеберханаларында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру Мәдениет министрліктерінің арасындағы келісімдер
- 28 Шетелдердің мәдениет министрліктерімен мәдени алмасулар жөнінде (концерттер, фестивальдар, экскурсиялар, көрмелер және т.б. ұйымдастыру) шарттар жасасу шарттар
- 29 Қазақ диаспорасын өнер жөніндегі арнайы басылымдармен, ұлттық музыкалық аспаптармен және басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы заттармен қамтамасыз етуге практикалық көмек көрсету Мәдениет министрліктерінің арасындағы келісімдер
30. Қазақ әдебиеті мен Мәдениетінің күндері мен апталықтарын өткізу -"-
- 31 Жастар үшін тұрақты жұмыс істейтін жазғы тіл лагерін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы
- 32 Қазақ диаспорасы өкілдерінің жастар жастар арасындағы алмасулар бағдарламасына арасындағы алмасулар Халықаралық халықаралық жастар

- 33 Қазақ диаспорасы өкілдері ішінен жылына 500 адамға дейін туристер қабылдау -"-

V. КІТАП ШЫҒАРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- 34 Қазақ диаспорасы үшін әдебиеттің 8-10 баспалар бойынша басылымдар шығарудың жыл сайынғы бағдарламалары мақсатты баспа бағдарламасының құрылымдары мен негізгі бөлімдерін әзірлеу: оқулықтар, оқу-педагогикалық, балалар мен жасөспірімдер, анықтамалық-энциклопедиялық, көркем, ғылыми әдебиеттер, т.б.
- 35 Таяу және алыс шетелдерге баспа өнімдерін жеткізу және сату:
- оқыту-тәрбиелеу мекемелерінің, тиісті кітапханалардың, Дүниежүзі қазақтары мемлекеттердің қауымдастығының шетелдегі бөлімшелерінің, мемлекеттік қазақ мәдени орталықтары мен "Қазақ тілі" органдары қоғамдарының, қазақ тілін оқып - үйрету арасындағы жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін шарттар мен курстардың қажеттерін қанағаттандыру келісімдер үшін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, нормативтік-нұсқаулық материалдармен және басқа да арнаулы басылымдармен қамтамасыз ету қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарды жеткізу көлемін ұлғайту
- Республикалық баспалардың өнімдерін таяу Кітап саудасы және алыс шетелдерге сатуды ұйымдастыру ұйымдарының үшін "Халықаралық кітап" қоғамымен шарттары мен қаржы-коммерциялық шарттарды жолға қою сауда келісімдері таяу және алыс шетелдерге қазақ тіліндегі тиісті баспа өнімдерін сату жөніндегі арнаулы мемлекеттердің кітап дүкендерін орналастыру және ашу баспа істері жөніндегі органдары арасындағы келісімдер
- 36 Қазақ диаспорасы тұратын елдер мен шетелдермен

- аймақтарға радиохабарларын тұрақты келісімдер
түрде таратуды ұйымдастыру
- 37 Шығармашылық интеллигенциялармен арнайы теледидар мен
тақырыптық хабарлар мен радиокөпірлер радионың арнаулы
жүргізу редакцияларының
жұмыс жоспары
- 38 ТМД елдерінің баспаханаларына (қазақ ТМД елдері
шрифтері мен полиграфиялық материалдармен баспаханаларымен
және т.б.) практикалық-көмек көрсету келісімдер

VI. ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

- 39 Шетелдерде тұратын отандастар істері
жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге
асыруға бақылау жасау Қазақстан
Республикасының Ұлттық саясат жөніндегі
мемлекеттік комитетіне жүктелсін
- 40 Шетелдегі отандастармен жүргізілетін
шараларға Сыртқы істер министрлігінің
шетелдердегі мекемелерінің қатысуы,
бұл үшін:
- 1) Қазақстан Республикасының таяу және Қазақстан
алыс шетелдердегі дипломатиялық Республикасы
өкілдіктері арқылы олар тығыз орналасқан Үкіметінің
жерлерге бару, жұмыс істейтін қоғамдық шешімі
ұйымдар туралы деректер жинау және
туындаған проблемаларды шешу жөнінде
тиісті құжаттар әзірлеу жолымен
отандастармен тұрақты байланыс орнатуды
жолға қою
 - 2) Қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын, министрліктердің
қазақ тілі мен әдебиетін насихаттау, арасындағы
кездесулер мен мерекелер өткізу ошағы келісімдер
ретінде мәдени орталықтар ашу
- 41 Қазақ диаспорасынан шыққан бизнес нұсқаулық хат
өкілдерімен сауда-экономикалық байланыстың
дамуына жан-жақты жәрдемдесу, бұл үшін:
Қазақстан Республикасының кәсіпкерлері Қазақстан
мен мемлекеттік құрылымдары және Республикасы
отандастардың экономикалық құрылымдары Үкіметінің
негізінде бірлескен кәсіпорындар шешімі

(акционерлік қоғамдар, ассоциациялар,
бірлескен кәсіпорындар) құруға жәрдемдесу

Орындалу мерзімі	Орындаушылар
4	5
1997-1998 жылдар	Ғылыммині-Ғылым академиясы, Философия институты
- " -	- " -
- " -	- " -
- " -	- " -
1997-1999 жылдар	Ғылыммині-Ғылым академиясы, Философия институты
1997-1999 жылдар	Ғылыммині-Ғылым академиясы, Философия институты
- " -	- " -
-"-	Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Ғылыммині-Ғылым академиясы
1997-1998 жылдар	Әділетмині, Еңбек және әлеуметмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері
1997 жыл	Сыртқыісмині, Ұлтмемкомы, Әділетмині
1997 жыл	Сыртқыісмині, Әділетмині, Еңбек және әлеуметмині, Ішкіісмині облыстар мен Алматы қаласының әкімдері
1997 жыл	Сыртқыісмині, Әділетмині, Еңбек және әлеуметмині,
Бұл да сол	Сыртқыісмині
1997-1999 жылдар	Сыртқыісмині, Еңбек және әлеуметмині, Ішкіісмині, ҰҚҚ, Кеден комитеті
жыл сайын	Еңбек және әлеуметмині, Сыртқыісмині
1997 жыл	Еңбек және әлеуметмині,Сыртқыісмині, Ішкіісмині, ҰҚҚ
1997 жыл	Ішкіісмині, Қаржымині, ҰҚҚ Сыртқыісмині, Әділетмині

1997 жыл	Ішкіісмині, Ұлттықбанк, Қаржымині
1997-1998 жылдар	Қаржымині, Ішкіісмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері
жыл сайын	Еңбек және әлеуметмині, Сыртқыісмині
1997-2000 жылдар	Ішкіісмині, ҰҚҚ Кеден комитеті
	Еңбек және әлеуметмині, Біліммині, Ауылшармині, облыстардың әкімдері
1997-2001 жылдар	Қорғанысмині
тұрақты түрде	Еңбек және әлеуметмині
-"-	Әділетмині, Сыртқыісмині
Жыл сайын	Біліммині
1997 жыл	Біліммині
1997 жыл	Бұл да сол
жыл сайын	- "-
1997 жыл	- "-
Бұл да сол	Бұл да сол
тұрақты түрде	- "-
1997-1998 жылдар	- "-
Жыл сайын	- "-
1997-1999 жылдар	Біліммині
тұрақты түрде	- "-
- "-	- "-
жыл сайын	- "-
- "-	Мәдениетмині
1997-1998 жылдар	- "-
жыл сайын	Мәдениетмині
-"-	Мәдениетмині, Қазақстан
	Жазушылар одағы
1997 жыл	Жастурспортмині
1997 жыл	Жастурспортмині
жыл сайын	- "-
1997-2001 жылдар	Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік,
	Біліммині, Мәдениетмині
жыл сайын	Ұлтмемкомы, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, "Қазақ кітап" МК,
	Біліммині, Мәдениетмині
жыл сайын	"Қазбаспасөз"

жыл сайын 1997-2001 жылдар	"Қазақ кітап" МК Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, "Қазақ кітап МК"
1997-2001 жылдар	"Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік
жыл сайын	"Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы
жыл сайын	Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, "Қазақ кітап" МК
1997 жыл	Ұлт мемкомы Қазақстан Республикасының таяу және алыс шетелдердегі елшіліктер
1997-2001 жылдар	Қазақстан Республикасының елшіліктері
тұрақты түрде	Өнеркәсіпсаудамині, Сыртқыісмині, Қазақстан Республикасының елшіліктері
1997 жыл	Экономмині, Еңбек және әлеуметмині, Меммүліккомы